**Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 921 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 мамырдағы N 597 U010597_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшылары Іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз етсін және жылына 2 рет, 30 маусымға және 31 желтоқсанға, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне оның орындалу барысы туралы ақпарат беріп отырсын.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 871 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі жылына 2 рет, 15 шілдеге және 15 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп отырсын.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 871 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 5 шілдедегі
N 921 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Ескерту. Жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.05. N 871 қаулысымен.

| р/с N | Іс-шаралар атауы | Аяқтау нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | 1. Шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру және олардың орындалуын бақылауды күшейту | | | |
| 1 | Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесін олардың өкілеттіктерін көрсете отырып қалыптастыру және оның жариялануын қамтамасыз ету | БАҚ-та жариялау | МАКМ, ӘдМ, МБА | Жарты жылда бір рет |
| 2 | "Шенеунік және кәсіпкер" акциясын жүргізу кестесінің орындалуын қамтамасыз ету | Үкіметке ақпарат | ӘдМ, Бас прокуратура (келісім бойынша), МБА | Қазан, жыл сайын |
| 3 | Шағын кәсіпкерлік саласын рет. тейтін, жаңадан қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерге | МБА-ға ақпарат | ӘдМ, орталық және жергілікті атқарушы | 2002 жылғы 4-тоқсан |

қайшылықтарды анықтау тұрғысында органдар
ведомстволық нормативтік
құқықтық кесімдерге тексерістер
жүргізу кестесін әзірлеу және
оның орындалуын қамтамасыз ету
4 Қазақстан Республикасында шағын Нормативтік МБА, мүдделі 2002 жылғы
кәсіпкерлікті дамытудың 2003- құқықтық министрліктер 4-тоқсан
2005 жылдарға арналған мемлекет. кесімнің мен ведом.
тік бағдарламасын әзірлеу жобасы стволар,
"РАКО" ЖАҚ

2. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғаудың құрылатын инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыру

5 Республикалық маңызы бар жалпы МБА-ға ККМ, облыстар. 2002 жылғы
пайдаланылатын автожолдардың ақпарат дың және 2-тоқсан
бойында сервис және жарнама Астана мен
объектілерін ұйымдастыру үшін Алматы қалалары.
шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ның әкімдері,
қажетті жағдайлар жасау "РАКО" ЖАҚ
6 Шағын кәсіпкерлік мәселелері Нормативтік МБА, "РАКО" 2002 жылғы
жөніндегі бірыңғай ақпараттық құқықтық ЖАҚ 4-тоқсан
дерекқордың жұмыс істеуін кесімнің
қамтамасыз ету жобасы

3. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

7 Шағын кәсіпкерлік саласындағы Жинақ МБА, "РАКО" 2002 жылғы
халықаралық ынтымақтастық пен шығару ЖАҚ 2-тоқсан
әріптестік тәжірибесін зерттеуді
жүргізу
8 Франчайзингілік қатынастардың Жинақ МБА, "РАКО" 2002 жылғы
шетелдік және отандық шығару ЖАҚ 2-тоқсан
тәжірибесіне талдау жүргізу
9 Мекен-жайлар тізбесін, шағын Жинақ МБА, "РАКО" 2002 жылғы
кәсіпкерлік субъектілері үшін шығару ЖАҚ 3-тоқсан
донор ұйымдарынан гранттар алу
шарттарын және жеңілдікті
кредиттер бөлу жөніндегі
ақпаратты қамтитын анықтамалық
басылымдарды даярлау

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 Шағын кәсіпкерлік субъектілері жөнінде бірыңғай статистикалық жинақ қалыптастыру | Жинақ шығару | СА, МБА, МКМ, ӘдМ, Ұлттық Банк (келісім бойынша), Бас прокуратура (келісім бойынша), "РАКО" ЖАҚ | Тоқсан сайын |
| 11 Шағын кәсіпкерлік субъектілерін жаңа технологияларды енгізуге тарту жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу | Әдісте. мелік ұсынымдар | МБА, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 12 Шағын бизнес кәсіпкерлерінің тренингтерін жүргізу үшін оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу | Жинақ шығару | МБА, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 13 Шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыратын іс-шаралар өткізу, оның ішінде жарнамалық-тұсаукесер материалдарын шығару | Көрмелер, семинар. лар, буклеттер мен брошюралар шығару | МБА, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 14 "Қазақстанның шағын және орта бизнесі" журналын шығаруды ұйымдастыру | Журнал шығару | МБА, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 15 Шағын кәсіпкерлік субъектіле. рінің өнімдерін өткізудің әлеуетті және перспективалы рыноктарына маркетингтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру | Жинақ шығару | МБА, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 16 Ғылымды көп қажет ететін өндірістерді құру жөніндегі инновациялық жобалардың конкурстарын өткізу | Конкурстар | БҒМ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 17 Шағын бизнес саласы үшін орта кәсіптік білім беретін мемлекеттік оқу орындары базасында жұмысшы кәсіптерінің мамандарын даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру | Курстар | БҒМ, облыстардың және Астана мен Алматы қалалары. ның әкімдері | Жылына бір рет |

4. Шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың аймақтық бағдарлама. ларын тиісінше іске асыруды қамтамасыз ету | МБА-ға ақпарат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Тоқсан сайын |
| 19 | Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жергілікті бюджеттен кредит беру үшін ақшалай қаражат бөлуді қамтамасыз ету | МБА-ға ақпарат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Жылына бір рет |
| 20 | Аймақтарда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне лизингке жабдықтар беретін ұйымдар құруды қамтамасыз ету | МБА-ға ақпарат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалалары. ның әкімдері | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 21 | Шағын бизнес инфрақұрылымын мемлекеттік қолдау кезінде құрылған және құрылатын объектілерді (технопарктерді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды) қаржыландыруды қамтамасыз ету | МБА-ға ақпарат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Жарты жылда бір рет |
| 22 | Аймақтардағы шағын кәсіпкерлік субъектілері, олар шығаратын өнімдер мен көрсететін қызметтер туралы дерекқор жасауды ұйымдастыру | Әкімдер. дің шешімдері | Облыстардың және Астана мен Алматы қалалары. ның әкімдері, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 23 | Шағын бизнестің шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санатына жатпайтын кәсіпорын. дармен ынтымақтастық мүмкіндік. терін көрсететін семинарлар мен көрмелер өткізуді ұйымдастыру | МБА-ға ақпарат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалалары. ның әкімдері, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 24 | Шағын кәсіпкерлік мәселелері бойынша халық үшін оқу семинарларын өткізу | Оқу семинар. лары | Облыстардың және Астана мен Алматы қалалары. ның әкімдері, МБА, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 25 | Аймақтық еңбек және бос жұмыс орны жәрмеңкелерін өткізуді ұйымдастыру | МБА-ға ақпарат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалалары-ның әкімдері, ЕХҚМ, "РАКО" ЖАҚ | 2002 жылғы 4-тоқсан |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК